

—
ӘОЖ 327.8(091)(73)

**АҚШ-ТЫҢ ЖАРИЯЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯСЫ: ТАРИХЫ ЖӘНЕ ДАМУ
ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

Әбдезімова Сандуғаш Жангелдинқызы

sandusya_92@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар кафедрасының магистранты, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Л.Х.Тулешова

Бүгінде мемлекеттердің сыртқы саясатында қолданылатын *жариялық дипломатия* терминімен анықталған ақпарат, мәдениет және білім беру саласындағы бағдарламалар үкіметтер мен ғалымдар тарапынан дамудың жаңа кезеңін бастан кешуде. Дүние жүзі бойынша сыртқы саясаттың дербестендірілуі арта түскендіктен, шетелдік аудиториямен мақсатты жұмыс жүргізуге бағытталған жариялық дипломатия барған сайын танымал құралға айналып келеді.

Жариялық дипломатияның саяси, дипломатиялық және ғылыми дискурстарға енуінің ұзақ тарихы бар. Бұл термин алғаш рет 1871 жылы «Нью-Йорк Таймс» газетінде, АҚШ Конгресінің қазіргі Доминикан Республикасы территориясында испан колонияларының жасырын аннексиясына қатысты пікірталастар туралы әңгімелеген мақалада пайда болды. Конгресте белсенді талқылау кезінде «жариялық дипломатия» сөзі АҚШ әкімшілігінің құпия дипломатиясына және сыртқы саясатына қарсы тұру құралы ретінде пайдаланылды [1, 2].

Кейінірек, Бірінші дүниежүзілік соғыс, еуропалық державалардың жасырын дипломатиясы, Ресей мен Германия сыртқы істер министрліктер құжаттарын құпиясыздандыру және ең бастысы АҚШ-ң жиырма сегізінші президенті В. Вильсонның Версаль конференциясында «жаңа, ашық және көп жақты дипломатияның қажеттілігі» туралы әйгілі сөзі, қоғамның бақылауындағы қазіргі заманғы дипломатиялық қызмет түрін «жариялық дипломатия» терминін нығайтты [2, 21].

XX ғасырдың 50-ші жылдары радио мен теледидар сияқты коммуникациялық тетіктер сыртқы мәдени саясат және пропаганда үшін қолданылған еді. Осы кезде «жариялық дипломатия» терминінің мәні дипломатиялық және журналистік тәжірибенің

сипаттамасынан, халықаралық аренадағы ақпараттық саясат саласындағы үкімет әрекеттерін анықтауға дейін өзгерді. 1953 жылы АҚШ-тың танымал сарапшысы, ғалымы және қоғам қайраткері У. Липпман «Вашингтон Пост» журналындағы өз бағанында үш тұжырымдаманы - жариялық дипломатияны, пропаганданы және психологиялық операцияларды бірыңғай «жариялық дипломатия» терминінде біріктірді [3, 15].

Қазіргі заманғы мағынасында «жариялық дипломатия» терминінің авторы, АҚШ-тағы ең көне халықаралық қатынастар кәсіби мектебі - Құқық және Дипломатия мектебінің деканына Флетчер Эдмунд Гуллион болып табылады. 1965 жылы Гуллион жариялық дипломатияны «үкіметтің, жеке топтардың сыртқы саясатта қабылданған шешімдерге әсер ету үшін басқа халықтар мен үкіметке қатысты көзқарастар мен пікірлерге ықпал ететін құралы» ретінде анықтады [4]. Осы анықтамаға сәйкес, жариялық дипломатияға АҚШ-тың мәдениет пен білім беру саласындағы жобалардығана емес, ақпараттық қызмет және саяси коммуникациялық әрекеттерді жатқызуға болады. Э. Гуллионның бұл анықтамасы АҚШ-тың «позитивті» ақпараттық қызметін пропагандадан айырмашылығын бөліп көрсетті. Сол кезде *пропаганда* американдық академиялық қоғамдастық тарапынан АҚШ-тың ақпараттық қызметі сияқты көптеген сынға ұшырады. Нәтижесінде, жариялық дипломатия, ең алдымен, АҚШ-тың мәдениет және білім беру бағдарламалары алдында тұрған мақсаттарға жетуге бағытталған ақпараттық іс-әрекеттерді анықтады, яғни, елдер арасындағы ұзақ мерзімді қатынастарды қалыптастыру, АҚШ-тың оң имиджін тарату және т.б.

Дегенмен, кейінгі 30-40 жылда «жариялық дипломатия» термині ғылыми-практикалық қызметте сирек қолданыла бастады. «Қырғи-қабақ соғыс» аяқталғанша АҚШ-тың сыртқы мәдени саясатындағы пікірталас теория мен практикаға үстем болды, себебі көптеген американдық мәдениет қайраткерлер мен саясаткерлер «жариялық дипломатия» терминіне қатысты теріс пікірде болды, бұл олардың пікірінше, насихаттау мен сенімсіздік элементтерін білдірді. Нәтижесінде, АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінде мәдениет және білім беру саласындағы бөлімнің қызметін анықтайтын «мәдени дипломатия» ұғымы пайда болды. Сонымен қатар, осы кезде АҚШ-тың Ақпараттық агенттігінің қызметін сипаттайтын АҚШ-тың «ақпараттық бағдарламалары» ұғымы болды.

2000-шы жылдардың басында халықаралық қатынастар саласындағы мамандар «жариялық дипломатия» терминіне өз анықтамаларын берді. Жариялық дипломатия «демеуші» мемлекеттің көздеген геосаяси мақсаттарына қол жеткізу үшін сыртқы қоғамдық пікір қалыптастырудың тәсілі ретінде анықталды [5, 23]. Белгілі ғалым Дж. Най бұл термин мағынасын, оның әзірлеген «жұмсақ күш» туралы ережелерін қосып, кеңейтті. Ол жариялық дипломатияны - мемлекеттің «жұмсақ күшін» дамыту деп анықтады, ал ол өз кезегінде үш дереккөзден тұрады: ішкі саясат пен әлеуметтік тәртіп құндылықтары, елдің мәдениеті мен сыртқы саясаты. Сондықтан жариялық дипломатия үш әдіс арқылы мемлекеттің «жұмсақ күшін» осы дереккөздерін дамытумен қамтамасыз етеді. Бірінші әдіс - мемлекеттің сыртқы саясатын түсіндіру үшін шетелдік аудиториялармен күн сайын байланыс орнату. Екінші әдіс - мемлекеттің брендін насихаттауға бағытталған науқандарды жүзеге асыру. Үшінші әдіс - бұл елдер арасындағы тең құқылық қатынастарды құруға бағытталған жобалар [6].

М. Фрейзер, өз кезегінде, АҚШ сыртқы саясатының және американдық мәдениеттің (білім, теледидар, музыка және фаст фуд) таралуы арасындағы байланысты байқады. Оның пікірінше, американдық бұқаралық мәдениеттің таралуы мемлекеттің араласуынсыз болған жоқ, бірақ көптеген ғалымдар оны жоққа шығарады [7, 32].

«Жұмсақ күш» концепциясы АҚШ-ң шетел азаматтарына білім беру бағдарламаларына нәліктен үлкен қаражат бөлетінін түсіндіреді. Дж. Най мен М. Фрейзердің бақылауы бойынша, азаматтық білім мен білім беру бағдарламалары әртүрлі мемлекеттердің өкілдерін АҚШ-қа жағымды қарым-қатынаста болуға, Американың оң имиджін таратуға және сол арқылы АҚШ мүдделерін ілгерілетуге мүмкіндік береді [7, 32].

Сондай-ақ, «ақылды күш» концепциясы жариялық дипломатияда американдық брендті көсбасшы ретінде ұстауды, жаһандық жақсылықты қамтамасыз етуге бағытталған АҚШ-тың имиджін сақтауды білдіреді. Бұл идеяның авторлары атақты профессор Дж. Най пен Р.

Армитадж болып табылады. Бұған қоса, бұл концепция АҚШ-тың жариялық дипломатиясында - Үндістан мен Қытай секілді елдерге бағыт берудің жаңа аймақтық басымдықтарын қарастырады.

Бүгінде жариялық дипломатия көптеген елдер үшін экономикалық тұрғыдан алғанда, барлық дипломатиялық қызметтің алдыңғы қатарына шықты. Бұл, ең алдымен, қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың өзгерген сипатына, сыртқы саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қоғамдық пікірдің, жаһандық деңгейде ақпарат тарату ауқымының, ақпараттық технологиялардың, БАҚ және әлеуметтік желілердің әлемдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық процестерге ықпалының айтарлықтай артуына байланысты болды.

Жариялық дипломатия көптеген елдердегі сыртқы істер агенттіктерінің қызметінде басымдыққа ие болды. Түрлі халықаралық ұйымдар мен сыртқы саясат ведомстволары өздерінің «жұмсақ күштерін» дамыту үшін жариялық дипломатия бөлімдерін құрып, осы біліктілікке қызметкерлерді оқытып жатыр. Мысалы, Қытай «жұмсақ күш» есебінен халықаралық аренадағы айтарлықтай прогреске қол жеткізген елдердің бірі.

АҚШ-тың жариялық дипломатия саласындағы тәжірибесі ерекше қызығушылық тудырады, өйткені бұл ел осы мақсаттарға жету үшін ең үлкен ресурстарды бөледі. 2016 жылы АҚШ Мемлекеттік департаментінің жариялық дипломатиясының негізгі бюджеті 1,1 миллиард долларды құрады. Американдық жариялық дипломатияға жұмсалатын шығындарға 80-нен аса академиялық, кәсіби, жастар мен спорттық алмасу бағдарламалары, бүкіл әлем бойынша 180-ге жуық дипломатиялық миссияларға қолдау көрсету, сондай-ақ 72 халықаралық хабар таратушылардың жұмысы жатады.

Жариялық дипломатияның негізгі сыртқы саяси міндеттері:

- шетелдік қоғамның ең белсенді және ықпалды бөлігінде ел имиджін жақсарту;
- шет елдердің, бірінші кезекте, шешім қабылдайтын элитасына әсері;
- шет елдерде АҚШ үшін қолайлы экономикалық және инвестициялық климатты құру.

Дегенмен, жариялық дипломатия тек имиджді насихаттау, шет мемлекет өкілдерінің белгілі бір кәсіптік топтарын оқыту немесе радио және телеарналардан тарату ғана емес. Қазіргі АҚШ-тың жариялық дипломатиясында қоғамдық пікірді немесе Құрама Штаттар туралы тарататын ақпараттың сапасын, сондай-ақ белгілі бір саяси идеяны, іс-әрекетті және басқаларды насихаттауға бағытталған қысқа мерзімді саяси науқандарды талдау сияқты элементтер белсенді түрде қолданылады [7, 51].

Бүгінгі күні АҚШ үкіметі өзінің сыртқы саясатында жариялық дипломатияның «жаңа жариялық дипломатия», «сандық дипломатия» және «жариялық дипломатия Web 2.0.» сияқты ұғымдарымен жұмыс істейді. «Сандық дипломатия» термині АҚШ-тың сыртқы саяси дискурсында жиі қолданылады. 2012 жылдың шілде айынан бері бұл термин Ресейдің саяси мекемелерінде пайдаланылады.

Әлеуметтік-саяси дискурста «сандық дипломатия», «электрондық дипломатия», «интернет дипломатия» терминдері әлеуметтік медиа арқылы шетелде қоғамдық пікірге ықпал ету тетігін сипаттау үшін пайдаланылады. Мұндай терминдер осы салада жұмыс істейтін көптеген мемлекеттердің (АҚШ, Ұлыбритания, Ресей Федерациясы және т.б.) үкіметтік деңгейінде қолданылады, сондай-ақ халықаралық қатынастар саласындағы көптеген мамандардың жұмысында кездеседі. Сонымен қатар, «сандық дипломатия» термині Facebook, YouTube және Twitter секілді әлеуметтік медианың пайда болуына дейін ғылыми дискурста қолданыла бастады. 2001 жылы американдық зерттеуші У.Дизард сандық дипломатияны «американдық үкіметтің ғаламтор кеңістігінде сыртқы саяси қызметі» деп жазды [8, 215]. 2010 жылы АҚШ Мемлекеттік Департаментінің «2011-2013 жылдардағы ақпараттық технологияларды дамытудың стратегиялық жоспары: сандық дипломатия» құжатында, сандық дипломатия - дипломатиялық тәжірибеде әлеуметтік медианы қолдану ретінде түсіндірілді [8, 106].

«Сандық дипломатия», «е-дипломатия», «интернет дипломатия» терминдері «жариялық дипломатия Web 2.0.» терминіне қарағанда кең мағынаға ие [9, 106-107]себебі

бұл терминдер дипломатиялық тәжірибеде дүниежүзілік ғаламтордың барлық ықтимал ресурстарын пайдалануды білдіреді. Ал, «жариялық дипломатия Web 2.0.» термині тек Web 2.0 технологиялары арқылы мемлекеттің сыртқы саяси қызметін анықтайды.

Қорытындыласақ, әлемдік саясаттағы ақпараттың, жұмсақ күштің рөлінің артуы жариялық дипломатия түсінігінің дамуына алып келді. Жариялық дипломатия терминіне әртүрлі елдердің ғалымдарының берген анықтамаларын есепке ала отыра келесі анықтаманы беруге болады: жариялық дипломатия – ол өз саяси мүдделерін қорғау мақсатында шетелдік қоғамның пікіріне әсер ету.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Forty-first Congress. Third Session // New York Times. – 1871. – January 20. – P. 2.
 2. Цветкова Н.А. Публичная дипломатия как инструмент идеологической и политической экспансии США в мире, 1914–2014 гг. - Санкт-Петербург, 2015. – 21 б.
 3. Lippmann W., «*Today and tomorrow: Talking about talking*», *Washington Post*, November 19, 1953. – 15 б.
 4. Долинский А.В. Современные механизмы сотрудничества в рамках публичной дипломатии. - Москва, 2011. [Электронный ресурс]. //Портал МГИМО. Режим доступа:http://www.mgimo.ru/files2/y04_2011/186135/autoref_dolinskiy.doc (дата обращения: 28.09.2015)
 5. Цветкова Н. А. Cultural imperialism: международная образовательная политика в годы «холодной войны». – Санкт-Петербург, Изд-во СПбГУ, 2007. – 23 б.
 6. Манжулина О.А. Публичная дипломатия США. - Санкт-Петербург, 2005. [Электронный ресурс]. //СПбГУ. Режим доступа: <http://www.dissercat.com/content/publicnayadiplomatiya-ssha> (дата обращения: 28.09.2015)
 7. Кубышкин А.И., Цветкова Н.А. Публичная дипломатия США. Москва: Аспект-Пресс, 2013. – 51 б.
 8. Dizard, W. Digital Diplomacy: U.S. Foreign Policy in the Information Age / W. Dizard. – Westport, CT :Praeger Publ., 2001. – 215 б.
- Марчуков А.Н. «Публичная дипломатия 2.0» как инструмент внешнеполитической деятельности. //Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 4: История. Регионоведение. Международные отношения. - 2014. – 106 б.